

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 23 тамыздағы N 1164 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 14 наурыз N 314. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.02.12. N 203 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 23 тамыздағы N 1164 P951164_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ереженің 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 29, 350-бап) мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша Достастықтың мемлекетаралық және үкіметаралық органдары шығыстарының сметаларының жобасын қарайды және Қазақстан Республикасының қаржы министрлігімен келісе отырып, олар жөнінде қорытындылар береді;

Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің шығыстарында Достастықтың мемлекетаралық және үкіметаралық органдарын үлестік ұстау үшін, белгіленген сомалар шегінде Қазақстан Республикасының осы мақсаттарға арналған жарналарын аударуды жүзеге асырады".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі